

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру үйімі: ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы**

**Топ: «Балдырган» ересек тобы**

**Балалардың жасы: 4-5 жастан**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қантар айы, 2023-2024 оқу жылы.**

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қантар	Қазақ тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</p> <p><b>Тілдік дамытуши орта.</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуга және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әнгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету.</p> <p>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әнгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаشتар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуда</p>

баулу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бүйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратса білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.